

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті

**Тақырыбы: «Батыс Қазақстан
облысындағы туризмнің дамуы мен
болашағы»**

**Орындаған: Педагогикалық факультетінің
қаржы мамандығы 2-курс студенті
Баксикова Айжан**


Орал 2017ж

Батыс Қазақстан облысы туралы О Западно-Казахстанской области West Kazakhstan region

Батыс Қазақстан облысы Қазақстанның құрамына кіреді. Ол еліміздің солтүстік-батысында орналасқан және 151,3 мың шаршы метрді алып жатыр. Облыс аумағымен Еуразияның басты күретауларының бірі - Жайық өзені, екі кішірек өзендер - Шаған мен Деркөл өзендері және ондаған шағын өзендер ағып өтеді. Сонымен қатар, Батыс Қазақстанда көптеген көлдер бар. Ең үлкені - 200 шаршы километрді құрайтын, әрі әдемісі - Шалқар көлі, сондықтан да Орал өңірінің тұзды інжу-маржаны деп тегін атамаған.



Қалада, өскелең ұрпаққа асыл мұра, тарихпен айналысатын адамдардың бәрінің де қызығушылығын тудыратын оннан аса тарихи және мәдени ескерткіштер бар. Е. Пугачев мұражай-үйі, 1751 жылы салынған Михаил-Архангель Соборы, Орал казак әскерінің үш жүз жылдығы құрметіне салынған Құтқарушы Христос Храмы, Алаш-Орданың Батыс бөлімі жетекшілері Халел және Жанша Досмұхамедовтер және басқа да көптеген адамдар бітіріп шыққан реалды училище ғимараты.



Батыс Қазақстандағы туризмнің дамуы

Развитие туризма в западном Казахстане

The development of tourism in Western Kazakhstan

Батыс Қазақстан облысы туризмді дамытудың перспективті аймағы болып табылады. Себебі ол қолайлы географиялық жерде орналасқан, Еуропа мен Азия арасындағы көпір бола тұра үлкен туристік әлеуетке ие. Қызмет көрсету мен демалыс инфрақұрылымы, тамаша табиғи ресурстар мен облыстың тарихи-мәдени объектілері туризмнің көптеген түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні облыста 21 орналастыру объектілері, 8 мұражай, 3 театр, 8 кинотеатр, 3 демалыс паркі, 240 клубтық мекеме, 400 кітапхана және басқа да объектілер қонақтарды қабылдайды. Туристерге «Саяхат», «Шағала», «Пушкин», «Виктория», «Орал», «Құрмет» қонақүйлері, «Золотой Век», «Мерей», «Алматы», «Камелот» мейрамханалары қызмет көрсетеді. Туристерде Шалқар көліндегі, Жайық, Шаған, Деркөл өзендері жағалауындағы демалыс аймақтары; «Парк-отель» демалыс базасы, «Мечта» кемпингі, «Еуразия» және «Атамекен» туристік-сауықтыру кешендері, «Ақжайық» емдеу-профилактикалық санаторийі, «Дельфин» спорттық-сауықтыру кешені үлкен сұранысқа ие.



Облыстағы тарихи мұражайлар мен ескерткіштер

Исторические памятники и музеи области Historical monuments and museums in the region

Сырым Датұлы ескерткіші

Сырым Датұлы атындағы “Сырым аудандық өлкетану мұражайы” 2002 жылы Жымпиты кентінде халық батырының туғанына 260 жыл толуына орай ашылды. Мұражайда археология, табиғат, этнография бөлімдері және қазіргі заман тарихы залы жұмыс жасайды. Экспозициялардың көпшілігі ұлт азаттық қозғалыс - Сырым Датұлы бастаған көтеріліске арналған. Бұл заттардың барлығы Сырым ауданы аумағында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған.



Табиғат және экология мұражайы

Мұражай 1996 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Мұражай қорында 10 мыңнан астам экспонаттар бар.



Туристерге арналған қонақ үйлер

Гостиницы для туристов

Accommodation for tourists

«ШАҒАЛА» отелі



«ОРАЛ» қонақ үйі



«ПУШКИН» отелі



«Рахат-Отель» қонақ үйі



Туристік фирмалар

Туристические фирмы

Travel agencies

«Панорама» турфирмасы

«Панорама» турфирмасы - Оралдағы алғашқы туристік агенттіктердің бірі - 1995 жылы құрылған болатын. Компания жыл сайын 4 мыңдай адамға қызмет көрсетеді. Дәстүрлі халықаралық және санаторий-курорттық туризм, балалар мен ересектерге арналған оқыту бағдарламалары бағытында демалудың жаңа маршруттарын жетілдіреді.

«Натали экспресс» туристік агенттігі

«Натали экспресс» фирмасы 1999 жылдан бастан жұмыс жасап келеді. «Натали экспресс» өз маршрутында жұмыс жасауына толық құқығы бар, бұл фирма туризмнің барлық түрлерін ұйымдастырады және өз жеке бағасы бар. Компания жыл сайын 3 мыңдай саяхатшыға қызмет көрсетеді.

«Азия-тур» туристік агенттігі

«Азия-Тур» туристік фирмасы - халықаралық туризм бойынша Батыс Қазақстанның озық фирмасы - 1994 жылдан бастап Қазақстан нарығында табысты еңбек етіп келеді.



Туризмнің дамуына арналған орталықтар

Центры развития туризма

Tourism Development Centers

«ЕВРАЗИЯ» ТУРИСТИК-САУЫҚТЫРУ КЕШЕНІ ЖӘНЕ ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІМДЕР ТУРИЗМ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ



«Евразия» ТСК Деркөл өзенінің табиғаты әсем жерінде орналасқан. Көп жылдардан бері «Евразияға» алау жанында гитарамен ән салатын, табиғатты аялайтын, туризм және спортпен айналысатын, Орал өңірі тарихы мен экологиясымен әуестенген адамдар көп келеді. «Евразия» ТСК әр түрлі саяхаттар мен экскурсиялар, жаяу, су және автокөлік жорықтарын, ұзақ серуендер, отбасылық апта соңы демалыстарын, яғни, уикендтерді ұйымдастырады. Бұл жерде спорт пен туризм бойынша жоғары білікті педагогтар, инструкторлар жұмыс жасайды. Демалушылардың денсаулығын медперсоналдар қадағалайды.



«Бивуақ» облыстық балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығы

Жасөспірімдер туризмі-ішкі туризммен және туризмнің дамуына үлес қосатын орталықтардың бірі. Бұл орталықта мынадай маңызды туризмнің түрлері бар:


- салауатты өмір салтын ұстану;
- табиғатты аялау;
- өлкенің тарихи археологиялық ескерткіштерімен жерлерін танып білуге және де т.б.

Жасөспірімдер туризмі қазіргі уақытта үш бағытта жүргізіледі: туризм,экология, өлкетанулық. Бұл жерде сан түрлі іс-шараларға, слеттарға, клубтық шараларға,жарыстарға қатыса аласыз.



«АТАМЕКЕН» туристік сауықтыру кешені

«Атамекен» туристік-сауықтыру орталығы қала аймағында, Шаған өзенінің жағасында орналасқан (Жайық өзенінің оң жақ сағасы). Көкке оранған төрт жарым гектарда 300 орынды 4 ұйықтау корпусы, асхана, душ, медпункт, бассейен және спорт алаңдары орналасқан. Жаз мезгілінде шілде айынан тамыз айы аралығында алты профильді ауысымда 1500-ге дейін балаларды қабылдайды. Шаралар профиль ауысымдарына байланысты жоспарланады: «Ралам саяхаты», «Ақылды ұлдар мен қыздар», «Туристік-экологиялық», «Халықаралық» және тағы да басқалар. Орынбордан келген балалар Халықаралық ауысымда жыл сайын демалады.



АҚЖАЙЫҚ САНАТОРИЯСЫ

Ақжайық санаториясы 1984 жылы «Уральский» демалыс базасында құрылған. Ол Жайық өзенінің әдемі де жайлы жағасында облыс орталығынан 43 шақырым жерде орналасқан. Санаторий 300 адамға есептелген, жыл бойы жұмыс жасайды. Емделушілер 2 адамға арналған бөлмелерде, жақсы жабдықталған корпуста орналастырылады. Санаторийдің негізгі табиғи емдеу факторы ішкі және сыртқы қолдану үшін хлоридті магний-натрийлі минералды су болып табылады.



БҚО-дағы аудандар мен ауылдардағы туризмнің дамуы

В ЗКО развитие туризма в районах и селах The development of tourism in the regions and villages

Бөкей Ордасындағы балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығы



Сырым ауданындағы балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығы



Тасқала аудандық білім бөлімінің “Жас туристер станциясы” МКҚК



БҚО-ғы туризмнің дамыған түрлері

В ЗКО развитые виды туризма

The WKO developed forms of tourism

Су туризмі



Жаяу туризмі



Вело туризмі



Шаңғы туризмі




Орал қаласындағы туризмнің даму көрсеткіштері

	2011ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2011 жылға қар-ғы 2015 жылғы % -дық көрсеткіш
Туристік фирмалар саны, бірл.	17	19	21	25	30	1,7 есе
Қызмет көрсетілген туристер, мың адам	9504	9324	9608	8575	10037	105,6
Орындалған жұмыстар мен қызметтің көлемі, млн. тг	73,3	17,8	4,8	9,0	41,7	56,9
Орналасу нысандарының саны, бірл.	4	14	16	27	24	6 есе
Сыйымдылығы, мың орын.	258	442	597	825	886	3,4 есе
Қызмет көрсетілген келушілер саны, мың адам	18366	32580	41159	37608	33426	182,0

Орал қаласындағы туристік кластер дамуының схемасы



Туризм саласындағы негізгі бағыттар:



БҚО-ның статистика департаментінің көрсеткіштері бойынша 30 туристік орындары бар.

2015 жылдар аралығындағы БҚО бойынша туризм көрсеткіштері

	Турфирм саны	Туристерге қызмет көрсету, адам саны	Қызмет көрсетуге кеткен шығын, мың тг
БҚО	11	9415	22459,5
Орал қаласы	10	9324	22451,5
Бөрлі ауданы	1	91	8,0

2015ж қызмет көрсету көрсеткіштері.

	Қызмет көрсетуге кеткен шығын, мың тг			
	Барлығы	Осындан алғанда		
		Шақыру қызметі	Экскурстық қызмет	Орынды алдын-ала алу
БҚО	22459,5	2096,1	3799,0	16564,4
Орал қаласы	22451,5	2088,1	3799,0	16564,4
Бөрлі ауданы	8,0	8,0	-	-

Ішкі туризм бойынша 2015 ж 7528 адамға қызмет етілді, бұны 2014 жылмен салыстырғанда 67 % өскендігін көрсетіп тұр. Қызмет көрсету шығындары 10,6 млн теңгені құрайды.

	Қызмет көрсетілген туристер, адам саны			Іске асырылған жолдамалар, бірлік	Жолдамалардың құны, мың, тг
	Барлығы	Туроператорлар	Турагенттер		
Барлығы	9415	91	9324	529	57577,3
Кіру туризм	137	-	137	-	-
Шығу туризм	1750	59	1691	366	52307,1
Ішкі туризм	7528	32	7496	163	5270,2

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.



Ағымдағы дамудың маңызды мәселелерінің бірі Қазақстан экономикасына тікелей шетел инвестицияларының ағынын әртараптандыру болып табылады. Оларды перспективалы салаларға, мысалы, туризм саласына бағыттау қажет. Дамыған елдерде туристік кластердің үлесіне ІЖӨ-нің 10 пайызына дейіні тиесілі. Бізде 1 пайызға да жетпейді.

Тұтастай ел бойынша туризм өсімінің нүктелерін зерттеу қажет, олар аз емес. Осымен байланысты Алматы жанындағы әлемдік деңгейдегі тау шаңғысы курорттарын дамыту маңызды жоба болуы тиіс. Сарапшылар тау шаңғысы курортына келген бір турист теңізге барған сапарына қарағанда 6 есе көп шығынданады деп есептейді. Бұл мемлекет үшін өте тиімді. Үкіметке осы ғажайып аймақты, сондай-ақ Ақмола облысындағы Бұрабай курортты аймағын дамытудың Жүйелі жоспарын жасауды тапсырамын.

Қазіргі уақытта туризмнің дамуына себеп мыналар:

- Туризм туралы жарнамалардың аз болуы;
- Туризмге қаржының аз бөлінуі;
- Ішкі салалық және ведомства аралық басқаруда туризмді дамыту туралы тығыз байланыстың болмауы;
- Кадрлық ресурс(туризм бойынша мамандықтардың аз болуы,тілді,тарихты білетін гидтердің жетіспеушілігі)
- Туристердің есінде қаларлықтай жерлер мен объектілердің дұрыс болмауы мен оларға жағдайлардың қарастырылмауы;
- Экскурстық объектілердің жағдайларының жаман болуы және ауа-райы кезінде қауіпсіздіктің төмен деңгейде болуы;

БҚО-дағы туризм дамуының жетілдіру жолдары

ЗКО в пути совершенствования развития туризма

The ways to improve the development of tourism

Орал қаласында туризмнің эстримальді бағыттан басқа барлық бағыттары дамыған. Әсіресе, мәдени-ағартушылық, көпшілік спорт және тарихи-өлкетану істерін біріктірудегі спорттық туризм мен өлкетану туризмі белсенді дамып келеді. Бұл бағытта Облыстық балалар және жасөспірімдер туризм станциясы, «Атмекен» туристік орталығы, «Дарын» мәдени-оқыту орталығы, бірнеше мектептердегі туристік-өлкетану үйірмелері қызмет атқарады. Спорт туризмі оқушы жастардың демалысын ұйымдастыру саласында жақсы дамып келеді.

Соңғы кезде экологиялық туризм белсенді дамып келе жатыр, бірақ ол да мәдени-оқыту бағыты мен балалар және жасөспірім қатысушылары құрамына ие.



2013-2015 жылдардағы курорттық демалыс орындарының жоспары

Шалкар көлінің оң жақ жағалауы Орал қаласынан 90 км жерде орналасқан. Туристерге демалуға арналған керемет жер болып табылады. Мұнда туристтердің суға шомылуға, қайықтарға мінуге, балық аулауға көптеген мүмкіндіктері бар.

Қазіргі уақытта Шалкар көліне Ресей елінен, еліміздің басқа аймақтарынан демалуға көптеген туристер келуде. Алдағы уақытта мынадай мәселелерді шешу жоспарланып отыр. Олар:

- жол картасы бойынша жолдарды жөндеу;*
- жол бойында орналасатын белгілерді қою;*
- демалушыларға арналған шағын үйлерді салу;*
- тамақтану орындарын салу;*

«Батыс Қазақстан облысында балалар туризмнің даму стратегиясы: жағдайы, мәселелері және болашағы» атты тақырыбындағы секция



2014 жылдың 6 тамызында Бөрлі ауданы Ақбұлақ селолық округіндегі «Миргород» мемлекеттік қорығында туристік өлкетану қызметін белсендіру және жаңашаландыру, инновациялық технологияны қолдана отырып, өлкетану білімінің әдіс-тәсілдерін кеңейту мақсатында «Батыс Қазақстан облысында балалар туризмнің даму стратегиясы: жағдайы, мәселелері және болашағы» атты секциясы өткізілді. Секция жұмысына туризм орталықтарының директорлары мен орынбасарлары, қосымша білім беру педагогтері қатысты (42 адам).

Қалада коммерциялық туризм белсенді дамып келеді. 2011-2015 жыл аралығында қаладағы туристік фирмалардың саны 17-ден 30-ға дейін өсті. «Атамекен» туристік ортылығы, «Мечта» кемпингі, екі спорт-туристік база, қаладағы бар 21 қонақ үй мен отельдер ақылы туристік қызмет көрсетеді. Туристік саланың дамуының артықшылықтары – халықаралық туристік көрмеден бастап спорттық жарыстар мен фестивальдерге дейінгі барлық мүмкін бағыттар мен құралдарды қолдана отырып, Орал қаласының тартымды келбетін, сонымен қатар Орал қаласының кең және алуан түрлі туристік-экскурсиялық ортасын құру, яғни тақырыптық этнографиялық саябақтар, архитектуралық музейді, сафари филиалы бар қазіргі заманғы хайуанаттар бағын, туристік кемпингтер желісін салу.

Туризмнің дамуына облыста сан түрлі іс шаралар ұйымдастырылып отырады. Соның ішінде “Жайық-Орал” туристік-экологиялық экспедиция, халықаралық фестиваль “Еуропа-Азия” және т.б.



Сөзімді қорытындылай келе, БҚО-да сыртқы және ішкі қалалық-аймақтық туризм дамып келеді. Егер қала облыс бойынша туристік маршрут орталығы болса, бұл сала одан әрі дамиды. Туризм саласына қаржы бөліп, одан әрі дамытсақ болашақта еліміздің экономикасы үшін пайдасы зор.

В заключение, хочу еще раз сказать, в ЗКО развивается внешне и внутренне городской-региональный туризм. Если в центре города будет, туристический маршрут по области, то эта отрасль получит дальнейшее развитие. Дополнительные средства для индустрии туризма пойдут на пользу экономике страны в будущем.

In conclusion , the West Kazakhstan region and the inner city is developing regional tourism . If the center of the town on the tourist route in the region , and the further development of this sector . Damitsaq further funds for tourism industry would benefit the country 's economy in the future .



Назарларыңызға рахмет!!!

